



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

«Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 47 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы қаулысының жобасы туралы

2022 жылғы 22 ақпан

Нұр-Сұлтан қаласы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) «Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 47 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы жобасының (бұдан әрі – Жоба) әзірленгені туралы хабарлайды.

Жоба «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағы үшінші бөлігінің 9-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен Қазақстан Ұлттық Банкі қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулерді жүргізу үшін гранттар ұсыну қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) өзгерістер енгізу көзделеді.

Қағидаларға өзгерістер енгізу экономикалық зерттеулерді одан әрі дамытуға, ақша-кредит саясаты және қаржылық тұрақтылық саласында академиялық қоғамдастықтың ғылыми әлеуетін жұмылдыруға септігін тигізеді.

Жобаның толық мәтінімен мына ашық нормативтік құқықтық актілердің ресми интернет-порталында танысуға болады: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14010326>

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (7172) 775 210

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz